

Бекітемін



«Костанай облысы әкімдігінің
мәдениет басқармасы» ММ
басшысы
Е. Қалмақов
2018 жылғы «19» қаңтар

«Үздік жүргізуші-2018» облыстық байқауының ережесі

Байқаудың мақсаты – мәдениет саласының қызметін насихаттау, мәдениет жұмысын жандандыру, мәдениет қызметкерлерінің кәсібилігін арттыру, облыстық және республикалық, халықаралық деңгейдегі мемлекеттік іс-шараларды, мерекелерді, мәдени іс-шараларды кәсіби жүргізе білетін, талантты жүргізушілерді анықтау, олардың қабілеттерін шыңдау, халыққа таныстыру, өнерінің дамуына қолдау көрсету.

Байқаудың шарттары:

Байқау 18 бен 30 жас аралығындағы тұлғалар арасында өткізіледі.

Байқауға қатысатын үміткерлер өтініштерін және бейнероликтерін **2018 жылдың 10-ақпанына** дейін жіберулері керек.

Байқау **2018 жылдың 16 ақпанында** өтеді.

Байқауға қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші жақ есебінен.

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең – іріктеу кезеңі. Үміткерлер үй тапсырмасы бойынша бейнероликтер (5-7 минуттық) әзірлейді. Бейнероликте үміткердің жүргізушілік қабілетін байқататын шағын презентация-іс-шарадан үзінді болуы тиіс (тақырып еркін).

II кезең – облыстық кезең. Іріктеу кезеңінен өткен үміткерлер қатысады.

Байқауға қатынасушылар мына тапсырмаларды орындайды:

1. **«Таныстыру»** әр үміткер өздерін таныстырады. (2 мин.)
2. **«Мәнерлен оқу»** үміткерлер поэзиялық немесе прозалық шығармалардан үзінділерді жатқа айтады. (3 мин.)
3. **«Мен жүргізушімін»** үміткер белгілі бір тақырып шеңберіндегі (патриоттық бағыттағы іс-шара, шығармашылық кеш, концерттік бағдарлама және т.б.) жүргізушілік қабілетін көрсетеді.
4. **«Сахнадағы қысылтаяң сәттер»** «Свет өшіп қалды», «Есімдерді шатыстырып алдың», «Микрофон істен шықты», «Сөзінді ұмытып қалдың» және т.б. сәттердегі тығырықтан шығар жол.
5. **«Көрермендер көңілі»** көрермендермен жұмыс жасай білу (әр-түрлі ойындар ойнату, жаңылтпаштар айтқызу, жұмбақтар шешкізу, ән салдыру және т.б.).

Бағалау өлшемдері:

- Жүргізуші жұмысының шеберлігі (сахналық кеңістікті ұйымдастыру, көрермендермен байланыс, әртістік қабілеті, сөйлеу мәдениеті);
 - білімділік, тіл табысушылық, әзілді түсіне білуі және жалпы мәдениеті;
 - сыртқы келбеті, мимикалық қимыл сипаты;
 - берілген уақыт ережелерінің сақталуы.
- Үміткерлердің көрсеткен өнерлері 10-баллдық жүйемен бағаланады.

Байқауға қатысушының сахна мәдениеті, , орындаушылық шеберлігі бағаланады. Олардың кәсіби шеберліктерін арнайы құрылған қазылар алқасы анықтайды.

Өтініштерімен бірге қажетті құжаттар:

1. Үміткердің шығармашылық мінездемесі

Марапаттау:

Қазылар алқасының ұйғаруымен жеңімпаздарға жүлделі орындар белгіленіп, марапатталады:

I орын

II орын

III орын

Арнайы (жүлделер) номинациялар.

Ұйымдастырушылар: «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Анықтама телефондары: 8 (714-2) 39-23-93.